

Газетіміздің бүгінгі саны 98 жылдық тарихы бар, өнеркәсібі өркендеген, ауыл-аймағы күлденген, сәулетті мен дәулетті жасарсақан экономикалық әлеуетті жоғары өңір Іле ауданының тыныс-тіршілігіне арналады

# АЛДАТАУ

## Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№26 (140) 12 маусым 2026 жыл

БІЗДІҢ СҰХБАТ

## ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ҮЙЛЕСІМІН ТАПҚАНДА

Іле ауданы Алматы сияқты ірі мегополиспен шектесіп орналасқан, экономикалық әлеуеті жоғары өңірлердің бірі болып табылады. Географиялық орналасуының қолайлығы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етіп, инвестиция тартуға, өндіріс орындарын ашуға және кәсіпкерлікті дамытуға кең мүмкіндік беріп отыр. Көлік және инженерлік инфрақұрылымның қолайлы орналасуы, еңбек ресурстарының жеткіліктілігі мен инвестицияның тартымдылығы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп отыр. Тек 2026 жылдың 1 – тоқсан қорытындысы бойынша Іле ауданы әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық бағыттарында стандартты режимде жұмыс жасап, оң нәтижелерге қол жеткізді. Аудан экономикасы мен ауыл шаруашылығы тұрақты өсім көрсетіп, әлеуметтік нысандардың құрылысы мен тұрғын үй мәселесі кезең-кезеңімен шешілуде. Осы және өзге де бағыттар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайында Іле ауданының әкімі Жақсымбетов Қайыржан Серікбайұлымен сұхбаттасқан едік.

**- Құрметті Қайыржан Серікбайұлы, ең алдымен уақыт тауып, сұхбат беруге келіскеніңізге рақмет. 2026 жылдың 1-тоқсан қорытындысы бойынша Іле ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы оң нәтиже көрсеткенін білдік. Жалпы, осы кезеңде ауданның даму динамикасы қандай болды?**

- Иә, 2026 жылдың 1-тоқсан қорытындысы бойынша Іле ауданы бірқатар негізгі бағыттарда тұрақты өсім көрсетті. Бүгінгі таңда аудан халқының саны 242 мың адамнан асты. Бұл – Іле ауданының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тартымды, өмір сүруге қолайлы өңір ретінде қарқынды дамып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Жалпы, аудан экономикасының негізін өнеркәсіп саласы мен шағын және орта бизнес құрайды. Соңғы жылдары осы бағыттарда оң серпін байқалып, өндіріс көлемі мен кәсіпкерлік белсенділік артып келеді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына, инвестиция тартуға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

**- Тұрғындар саны артып келе жатқан кезде, әрине, жаңа жұмыс орындарын ашу маңызды. Инвестиция тарту бағытында қандай жобалар іске асырылуда?**

- Дұрыс айтасыз. Бүгінде ауданға инвестиция тарту – біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі. Іле ауданы Алматы қаласына жақын орналасқандықтан, өндіріс орындарын орналастыру үшін инвесторларға өте тартымды өңір болып отыр.

Мәселен, 2025 жылы аудан аумағында 7 жаңа өндіріс орны іске қосылып, шамамен 950 жаңа жұмыс орны ашылды. Олардың қатарында «Эл си Вайкики» логистикалық орталығы, «Шин-Лайн» компаниясының өндірісін кеңейту жобасы, «ДСФ Трейдинг» қойма кешені, «Электромашинное двигателное производство» сервистік өндірістік цехы, «Эс эл групп» алюминий радиаторларын шығаратын зауыты, «Галанз боттлерз» кәсіпорнының өндіріс пен қойма кеңістігін кеңейту және «Джи Ти Ай Казахстан» компаниясының өндірістік нысандарының құрылысы бар.

Ал 2026 жылы ауданымызда тағы 16 жаңа өндіріс орнын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл жобалардан 151 млрд.теңге инвестиция тартылады және нәтижесінде 1600-дан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Жалпы алғанда, мұндай инвестициялық жобалар аудан экономикасының дамуына серпін беріп қана қоймай, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға да үлкен мүмкіндік жасап отыр.



**- Кәсіпкерлікті қолдау бағытында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар бар. Соның ішінде «Кең дала» жобасы ерекше қызығушылық тудырады. Аудан кәсіпкерлері бұл мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдаланып отыр?**

- Іле ауданында ауыл шаруашылығы саласын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар тиімді жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде «Кең дала» бағдарламасы шаруаларға көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруда үлкен қолдау көрсетіп отыр.

Мәселен, 2025 жылы аудан шаруашылықтары осы бағдарлама аясында 897 миллион теңгеден астам жеңілдетілген несие игерді. Ал 2026 жылы бұл мақсатқа 954 миллион теңге бөлінді. Сонымен қатар шаруалар техника паркін жаңартып жатыр. Өткен жылы аудан бойынша 1,4 миллиард теңгеге 36 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынаса, быыл тағы 64 жаңа техника алу жоспарланып отыр.

Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін арттырып, ауданның аграрлық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

**- Білім беру саласында үш ауысымды мектептер мәселесі аудан үшін өзекті болып келді. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?**

- Иә, бұл-біз үшін өзекті мәселе. Іле ауданында үш ауысымды мектептер мәселесі бар екенін жасырмаймыз. Қазіргі таңда аудан бойынша 43 мектептің ішінде 18 мектепте оқушылар үш ауысымда білім алууда. Бұл мектептерде 33 мыңнан астам бала оқиды, ал орын тапшылығы шамамен 9,6 мың орынды құрайды.

Аталған мәселені кезең-кезеңімен шешу үшін жаңа білім беру нысандары салынуда. Мысалы, «Келешек мектеп» ұлттық жобасы аясында М.Түймебаев ауылында 900 орындық жаңа мектеп өткен жылы пайдалануға берілді. Сонымен қатар Н.Тілендиев ауылында тағы бір 900

орындық мектептің құрылысы жүріп жатыр, оны 2026 жылдың жаңа білім маусымында салтанатты түрде ашатын боламыз.

Бұдан бөлек, Биыл Өтеген батыр, Байсерке, А.Тоқпанов, Жайнақ ауылдары мен «Сокол» саяжай-кооперативінде бес мектептің құрылысын бастау жоспарланып отыр. Жалпы алғанда, жаңа мектептер салу арқылы ауданымыздағы үш ауысымды оқыту мәселесін кезең-кезеңімен шешу көзделуде.

**- Денсаулық сақтау саласы бойынша қандай жаңа нысандар бой көтеріп жатыр?**

-Биыл Ащыбұлақ ауылдық округіндегі Көкқайнар ауылында және Береке саяжайында екі дәрігерлік амбулатория, ал бытыр Байсерке ауылдық округінде Көктерек ауылында бір фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Сондай-ақ, Өтеген батыр ауылында «Катар» даму қорымен бірлесіп 125 орындық перзентхана құрылысы басталады. Яғни, болашақта облыс көлемінде ең үлкен заманауи перзентхана бізде болмақ.

**- Әлеуметтік қолдау мен тұрғын үй мәселесіне келсек, бұл бағытта да нақты жұмыстар бар екен...**

- Іле ауданында тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау мәселесі – біздің басты назарымыздағы бағыттардың бірі. Қазіргі таңда аудан бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспанаға мұқтаж ретінде 5742 азамат кезекте тұр. Оның ішінде көпбалалы отбасылар, әлеуметтік осал топтағы азаматтар, жетім балалар және бюджеттік сала қызметкерлері бар.

Биыл әлеуметтік осал топтарға 36 үйді сатып алуға республика бюджетінен 783 млн. теңге бөлінді. Тұрғын үй кезегінде тұрған, оның ішінде 70 пайызы халықтың әлеуметтік осал топтарына және басқа да санаттағы азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шараларының нәтижесінде 2026 жылдың басынан бері жалпы 640

үй, оның ішінде 399 арендалық және 241 несиелік тұрғын үйлер қарастырылған.

Бүгінгі күнге 144 несиелік тұрғын үй және 130 арендалық тұрғын үйлер азаматтарға тапсырылды. Қалған үйлер 97 кредиттік және 269 арендалық тұрғын үйлерді үлестіру бойынша «Отбасы банк» арқылы үлестіру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Сондай-ақ, Өтеген батыр ауылы Қолдасов көшесі №7, 9, 11 көпәтерілі тұрғын үйлерді тозығы жетуіне байланысты Алматы облысының реновация бағдарламасы аясында жаңғырту жоспарлануда. Бұл мақсатта 660 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге құрылыс компаниялармен келіссөздер жүргізілуде.

Жалпы, аудан тұрғындарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады.

**- Қайыржан Серікбайұлы, әлеуметтік желідегі парақшаңызда Титов көшесіне қатысты жариялаған бейнежазбаңызға тұрғындар белсенді пікір білдірді. Көптеген сұрақтар қойылып, алғаш айтқан азаматтар да болды. Жалпы, аудан бойынша абаттандыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр?**

- Әкім болып тағайындалғаннан кейін ауданға қарасты барлық елді мекендерді аралап, тұрғындармен кездесулер өткіздім. Сол кезде байқағанымыз-кейбір елді мекендерде, тіпті аудан орталығында да тұрғындардың демалып, бос уақытын өткізетін қоғамдық кеңістіктері жеткіліксіз екендігі.

Сондықтан соңғы уақытта ауданымызда абаттандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп отыр. Мәселен, 2025 жылы аудан бойынша 20 балалар ойын алаңы мен 7 стрит-воркаут алаңы салынып, пайдалануға берілді. Ал 2026 жылы 11 балалар ойын алаңы, 6 воркаут және 3 футбол алаңын салу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Өтеген батыр ауылындағы Титов көшесін кешенді абаттандыру жобасы әзірленуде. Ұзындығы 5 шақырымды құрайтын бұл көшеде тұрғындарға арналған төрт функционалдық аймақ – тыныш демалыс, мәдени іс-шаралар, спорттық және балалар алаңдары қарастырылған. Бұдан бөлек, Өтеген батыр ауылындағы Ту тұғыры аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына 70 миллион теңге бөлініп, қазіргі уақытта жобалық-металдық құжаттама әзірленуде.

Сондай-ақ 2026 жылы Күрті ауылдық округінде 300 миллион теңге көлемінде инвестиция тартылып, жаңа сауда кешенінің құрылысы жоспарлануда. Ал Ақши ауылында жеке инвестор тарту арқылы 40 миллион теңгеге балалар ойын алаңын, воркаут, футбол және волейболға арналған орындардың құрылысы жүргізілуде.

Жалпы, ауданымызда абаттандыру және қоғамдық кеңістіктерді дамыту жұмыстары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып, кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

**- Іле ауданында бірқатар саяжай алқаптарын елді**

**мекендердің шекарасына енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл шешімнің негізгі мақсаты қандай?**

- Іле ауданы бұл бағытта республика алғашқылардың бірі болып жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Соңғы жылдары саяжай кооперативтерінде тұрақты тұратын тұрғындардың саны едәуір артты. Кейбір саяжай массивтерінің аумағы мен халқы жақын маңдағы ауылдардың көрсеткіштерінен де асып кеткен.

Осыған байланысты Көкқайнар, Жәпек батыр, Асқар Тоқпанов және Жайнақ ауылдарының бес жоспарлары бекітіліп, олардың шекарасына 61 саяжай тұтыну кооперативі енгізілді. Ал 2025 жылғы 25 желтоқсанда аудан әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен шешімімен бұл өзгерістер ресми түрде бекітілді.

Бұл шешім саяжай алқаптарында тұратын азаматтарға елді мекен тұрғындары ретінде мемлекеттік қызметтер алуға, тіркеуге тұруға, коммуналдық және инфрақұрылымдық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасады. 2026 жылы Қосөзен ауылының шекарасына бірқатар саяжай кооперативтерін енгізу жоспарланып отыр.

**- Өткен жылы әлеуметтік желілерде Ақши ауылы мен Боралдай кентіндегі ауызсу мәселесі қызу талқыланған еді. Қазір бұл мәселе қалай шешіліп жатыр?**

- Өткен жылы Ақши ауылындағы ауызсу мәселесі расында тұрғындарды алаңдатты. Себебі ауылға су 1976 жылы салынған «Бозой» топтық су құбыры арқылы беріледі және оның желілері әбден тозған. Өткен жылы апатты жағдай болып, жедел түрде облыстық бюджет резервінен 137 миллион теңге бөлініп, 2 шақырым су желісі ауыстырылып, су беру қайта қалпына келтірілді.

Қазір бұл мәселені түбегейлі шешу үшін «Бозой» су құбырын толық реконструкциялау жобасы дайындалып, құны шамамен 7 миллиард теңгені құрайтын жобаға қаржы сұралды. Ал Боралдай кентінде 2024 жылдан бері 39 шақырым су желісін жаңарту және жаңа су алу нысанын салу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба іске асқан кезде тұрғындар тұрақты ауызсумен қамтамасыз етіледі.

**- Әңгімеңізге рақмет, Қайыржан Серікбайұлы! Соңында аудан тұрғындарына айтар тілегіңіз бар ма?**

- Барлық тұрғындарға алғысымды білдіремін. Іле ауданы – дамып келе жатқан өңір. Бар жетістік – бірлескен еңбектің нәтижесі. Ауданда алдағы уақытта да өндіріс көлемін ұлғайту, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, кәсіпкерлікті қолдау және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады. Біздің басты мақсатымыз-ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, тұрғындар үшін қолайлы әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру.

Роза АЙДАРБЕКОВА

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ ТӨРАҒАЛАРЫ

Бізге барлық жағдай жасалған



Ақсай ауылдық округі ардагерлер кеңесі зейнеткерлер мен жастар арасындағы әрбір іс-шараны округ әкімдігімен бірлесіп отырып жүзеге асырады.

Ауылдағы Мәдениет үйінде ардагерлерге арналған үлкен кабинетіміз бар. Іші көрнекі құралдармен безендірілген. Ұлы Отан соғысының батырлары үшін арнайы стенд ілінген. Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арнап үлкен фотоальбом

жасалынды. Кабинетімізде зейнеткерлердің бос уақытын тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. Аға ұрпақ өкілдері осы жерге келіп, бір-бірімен әңгіме-дүкен құрып, дойбы, басқа да спорттық ойындар ойнап, демалады. Жоспарға сай өткізілетін іс-шаралар пысықталады. Бір сөзбен айтқанда, біздің ардагерлер кабинеті аға ұрпақ өкілінің екінші үйі деп нық сеніммен айта аламын.

**Бижамап БАЙБОСЫНОВА,**  
Ақсай ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрайымы.

Жастар-біздің болашағымыз

Біздің ардагерлердің ауылдық бастауыш ұйымының басты міндеті - Отанымыздың тағдыры мен жарқын болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын, білімі мен күш-жігерін аямайтын тәрбиелі шынайы патриот жастарды қалыптастыру.

Сондай-ақ қабілетті, дені сау, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеуге дайын, жан-жақты дамыған жігерлі жастарды тәрбиелеу. Атап өтсек, үстіміздегі жылы №78460, 97617 әскери бөлімше сарбаздарымен, Радиоэлектроника әскери-инженерлік институттың курс антарымен кездесу өткіздік. Ұлттық спорт күніне орай жастар арасындағы жарыс және патриоттық әндердің конкурсы жас буынды отаншылдыққа, ерлікке, өрлікке тәрбиелеудің алғышарты болды десек қателеспеспіз.

Біз үшін өмірлік маңызы бар басты мәселе-жастар тәрбиесі. Жастар тәрбиесінің бағыттары бойынша нәтижеге негізделген іс-шараларды жүйелі жоспарлы түрде өткізу-біздің жұмысымыздың негізгі өзегі. Өйткені, жастар-біздің болашағымыз.

**Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,**  
Ащыбұлақ ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы.

Жоспарға сай жұмыс жүргізіледі

Боралдай кенті «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі-Жайнақ, Водник №2, №3, Сақ ықшамаудандарынан құралған бастауыш ардагерлер ұйымының басын біріктіретін 14 мүшесі бар қоғамдық бірлестік.

Бірлестік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Қоғамдық бірлестік туралы» және басқа да заң актілерді, сонымен бірге Алматы облысы «Ардагерлер ұйымы» Іле ауданы бірлестігінің Жарғысымен жұмыс атқарады. Бірлестік өз жұмысын әр кездің талаптарына сай бейімдеп, алдын ала бекітілген ұзақ мерзімдік жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырып келеді. Біз күнделікті қызметімізде бастауыш ардагерлер ұйымына неқ артамыз. Ардагерлерімізді қоғамдық жұмысқа белсендірек тартуды және алқа отырыстарында олардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру, жетілдіру бағытында спорт және мәдени мәселелер қаралып, жастарға, көпшілікке жеткізіледі.

Ең алдымен қазақ халқының рухани құндылықтарын, дәстүрлі дінімізді, ана тілімізді насихаттауға, қуаттауға үлес қосудамыз. 16194 әскери бөлімінде № 54, 15, 17 бейім беру мекемелерінде, колледж оқушылары арасында зейнеткерлерін қатыстыра отырып, «Отан қорғаушылар күні», «Отбасы – ұлттың тірегі», «Спорт – сенің серігің», «Қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы Бауыржан Момышұлы», «Мен өз мамандығымды жақсы көрдім», «Қарияларға құрмет» сияқты тағы басқа тақырыптарда жастар тәрбиесіне белсене атсалысып, еліміздің даму жолындағы бағыт-бағдарын түсіндіруде кездесулер іс шаралар ұйымдастырдық.

**Н.ШОРМАНОВ,**  
Боралдай кенті ардагерлер ұйымының төрағасы.



● АРДАГЕРЛЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ

АҒА ҰРПАҚ – ҚОҒАМНЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ

Бүгінгі таңда еліміздің одан әрі өсіп өркендеуімен азаматтық қоғамның қалыптасуына ардагерлер ұйымдарының да қосар үлесі, алар орны ерекше. Ардагерлер-қоғамның алтын қоры. Олар жастарға патриоттық және адамгершілік тәрбие беру ісіне араласып, өздерінің белсенді өмірлік ұстанымдарымен жас ұрпақ тәрбиелеуге үлестерін қосып келеді. Қазақ ежелден қариясы отырған үйді қара шаңырақ деп атаған. Қарты бар елдің дәстүрі де, салты да сақталады, жастарының рухы берік болады.

Аудан көлемінде 9 ауылдық округ бар, оған 27 елді мекен кіреді. Оған қосымша 157 саяжай бар. 9 округте 9 бастауыш ұйым жұмыс істейді. 97 ардагерлер топтары бар. 2024 жылы Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің қолдауымен «Алатау жастары» ұйымына қоса «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі құрылды. «Асыл ана» бірлестігіне 90-дай азаматтар мүше болды. Ал, 85-і «Алатау жастары» ұйымына мүше болды.

Ауданымызда 2025 жылдың ақпан айынан бастап «Белсенді ұзақ өмір» орталығының филиалы ашылып, зейнеткерлерімізді қабылдап, жұмыс істей бастады. Қатары күнен күнге көбеюде.

Бұрынғылар «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен құнды, ал адам баласы кіндік қаны тамған Отанымен, туған жерімен еңселі екен» деген екен. Ауданымызда тұратын, өмір сүріп жатқан әр ұлттың дана қарттары ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты, ата-баба дәстүріміз бен салт-сананы насихаттап, тілімізді, ділімізді, дінімізді дамытуда, оларға елжандылық пен имандылық тәрбие беруді қалыптастыруда ықпалдары өсіп, айтарлықтай жұмыс жасап келеді.

Бүгінгі таңда ардагерлер ұйымы аса мән беріп отырған мәселе – ұлтаралық қатынас. Жастар тәрбиесі, көп ұлтты халықтардың достығы, туысқандық қарым-қатынасы, отбасылық тәрбие еліміздің заңы мен тәртібін қадірлеу. Елімізді одан әрі өсіп өркендеуі мен азаматтық қоғамның қалыптасуына ардагерлер ұйымдарының қосар үлесі, алар орны ерекше.

Басты мақсатымыз ардагерлердің құқықтарын қорғау, лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етуге ықпал жасау, оларға мәдени, медициналық және басқа да көмек түрлерін жақсартуға жәрдемдесу, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, елді бірлікке шақыру, кейінгі ұрпаққа сара жолын үлгі ету, жастармен патриоттық жұмысты күшейту, қоғамда тұрақтылықты сақтау болып табылады. Мектептерде, колледждерде, жастар орталықтарында жиі кездесулер ұйымдастырылуда.



Бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысын қамқорлыққа ала отырып, ауылдарда ауыл, көше төрағаларын сайлап, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қолға алып жатырмыз. Мысалы Ақши, Төлеби, Қараой, Байкент ауылдарында бұл жобаны жақсы қабылдады.

Ауылдық әкімшілік ардагер ұйымының ұйытқы бола отырып нашақорлыққа, лудомания, діни фанатизм, терроризмнің алдын алуға қатысты іс-шаралар ұйымдастырылды. Жастарға ішімдік ішу, шылмы шегу, есірткі тұтыну сынды зиянды әдеттердің қауіптілігі түсінік берілді.

Ауданда 27 мешіт үйі бар, имандардың қатысуымен «Қоғамға қызмет – ізгі қасиет», «Дін және мәдениет», «Діни беріктің дінгеі бұзылмас», «Дәстүр мен дін» тақырыптарында мектеп оқушылары, колледж студенттер арасында кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Қарт адамдарды алаңдататын дүние-ұлтаралық қатынас. Көп ұлтты халықтардың достығына, отбасылық тәрбиеге аса мән беріп отырмыз. Олай дейтініміз, осы мәселелер бір тұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық мүддеге айналып отыр.

Ардагерлер ұйымының жұмысы мерекелік шаралармен ғана шектелмеді. Жалғыз басты күтім қажет қарияларға көмек көрсетілді. Қайырымдылық жаса-

ушылар қатары жыл сайын өсіп келеді. Қоғамда мейірім мен жауапкершілік мәдениеті қалыптасып келе жатқаны байқалады.

Өткен жылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған қара сөздер кеші жылдың ең тағылымды шаралардың бірі болды деп айтуға болады. Өткен 2025 жыл мәдени тұрғыдан айрықша мазмұнға ие болды. Бұл дегеніміз Қазақ өнерінің заңғар тұлғасы, күйші композитор Н.Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойы тек аудан үшін ғана емес, күллі қазақ руханияты үшін үлкен тарихи оқиға болды. Мерейтой халықаралық деңгейде аталып, шаралар ЮНЕСКО аясында ұйымдастырылды. Аудан орталығында бой көтерген еңселі ескерткіш пен жаңа мәдениет үйі – туған жердің перзентіне деген ықыласы. Ардагерлер бұл мерейтойдың бел ортасында жүріп, мәдени сабақтастықтың дәлелін көрсетті.

Қарттар күніне арналған шаралар да ерекше өтті. «Қарттарым-асыл қазынам» атты концерттер, ардагерлер ансамблінің өнері үлкенге құрметтің, кішіге ізеттің шынайы көрінісін көрсетті.

Осы өткен жылдарымыз еліміздің тәуелсіздік алуының 30 жылдығымен аса ерекшеленді. Президентіміз Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан туындайтын іс шаралар біздің бүгінгі күнгі басты міндетіміздің бірі болып саналады. Ол дегеніміз қоғамымыздағы саяси тұрақтылықтың нығайуына ықпал жасауға бағытталған бағдарлама болып табылады. Біз ардагерлер ұйымдары болашақта өз жұмыстарымызды үйлестіре отырып, ел ішінде достық, бірлік, адами қасиетті нығайтуға атсалысып, ұлтымыздың рухани деңгейінің көтерілуіне өз үлесімізді қосу арқылы, салт-дәстүрінің береке бірлігін дәріптеп, жастарымызды иманжүзділікке, тиімді еңбекке, Отанына, жеріне деген сүйіспеншілікке, маскүнемдіктен, ұрлық-қарлықтан, қатыгездіктен сақтандыруға тәрбиелеу жұмыстарына жауапты болуымыз керек.

Сөзіміздің соңында Абай бабамыз айтқандай, «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпесе далаға. Ұстаздық еткен жапықпас Үйретуден балаға» дегендей, еліміз дамып, алға жылжи берсін.

**Әмзе ИСАЕВ,**  
аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

● «АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ІЗГІЛІК СОҚПАҒЫ

Ана – өмірдің бастауы, тіршіліктің тірегі, әрбір шаңырақтың алтын дінгеі. Ал сол аналар бір арнаға тоғысып, қоғамның жүгін бірге көтеруге бел буса, ол аймақтың берекесі кіріп, мерейі тасымақ. Бүгінде Іле ауданының тоғыз ауылдық округінде дәл осындай үлкен рухани қозғалыстың, мейірім мен ізгілік керуенінің жүріп жатқанына куәміз.

Әр ауылдың тыныс-тіршілігіне үңілсек, үлкен бір жағымды жаңалықтың, жылылықтың лебі еседі. Ол жылылықтың ұйытқысы ақ жаулықты аналардың басын біріктіріп, ел ішіндегі қордаланған мәселелердің шешілуіне, ұлттық тәрбиенің жаңғыруына мұрындық болып отырған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі. Осы ұйымның атқарған ауқымды жұмыстары, ауыл - ауылда өткізген габратты іс – шаралары-соның айқын дәлелі. Бұл-жай ғана құрғақ есептің жиынтығы емес, жүрек жылыуымен жазылған үлкен шежіре. Жыл басынан бері «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің Өтеген батыр, Боралдай, Ащыбұлақ секілді ірі округтерден бастап, шалғайдағы Күрті, Қараой ауылдарының атқарған игі істері ауыл жұртының аузында жүр. Бүгінгі таңда аналар тек ошақ қасының қамымен шектеліп қалмай, қоғамның ең ауыр жүгін иықпен көтерісіп келеді.

«Жылы жүрек – жомарт қол» атты қайырымдылық марафондарының аясында бірнеше отбасының шаңырағына қуаныш сыйланды. Мұндағы басты мақсат жай ғана көмек үлестіру емес, тағдырдың тауқыметін тартып, жалғызсыраған көпбалалы аналардың, ерекше бала өсіріп отырған жандардың көңіліне демеу болу еді. «Асыл ана» бірлестігі мүшелері әр үйдің жалғызбасты қарттардың үйіне барып, қолғабыс етіп ел ішінде үлкен жұмыстарды атқара алатынын көрсетті.

Жаһандандудың екпінімен ұлттық



құндылықтарымыздың бұлдырап бара жатқаны жасырын емес. Осы тұста «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ұлт тәрбиесінің қорғанына айналды.

Байсерке, А.Токпанов ауылдарында өткен «Ана көрген тон пішер...» атты габратты шаралар ауыл өміріне үлкен қозғалыс әкелді. Ақ шашты әжелеріміз бен парасатты аналарымыз тек қана колөнер бұйымдары мен ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдардың мәзірін көрсетіп қойған жоқ, олар жас келіндер мен бойжеткендерге үлкен өмірлік сабақ берді. Бесік жыр-

ларының әуенімен тербелген рухани кештер, «Қыз – ұлттың болашағы» тақырыбында Ақсай, Байкент ауылдарындағы мектеп оқушыларымен өткен сырласу сағаттары қыздарымыздың бойына ибалық пен әдептілік нәрін септі. Аналар мен қыздар арасындағы бұл алтын көпір-бүгінгі қоғамға ауадай қажет дүние.

Қазақ «Ананың алғысы – алтын тақ» дейді. Бүгінде Іле ауданының қай бұрышына барсаңыз да, осы «Асыл ана» бірлестігінің атқарып жатқан еңбектеріне ақ батасын беріп отырған қарияларды, ризашылығын білдірген аналарды көреміз. Тоғыз ауылды бір тудың астына біріктіріп, береке мен бірліктің ұйытқысы болып отырған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің алдағы жоспарлары бұдан да ауқымды. Атқарылған әрбір жұмыс, айтылған әрбір ұсыныс-ортақ мақсатымыздың, бірлік пен татулықтың жемісі. Біз көтерген мәселелер мен алға қойған міндеттер-тек ұйымның емес, күллі қоғамның болашағына бағытталған қадам. Ананың асыл сөзі мен парасаты, ардагердің өнегесі, жастың жігері бәрі бір арнаға тоғысқанда ғана еліміздің іргесі бекіп, елдік мүдде айқындала түседі.

Алда бізді жаңа жоспарлар, жаңаша бастамалар, тың серпін күтеді. Сол жолда бірлігіміз берік, қадамымыз нық болсын.

Бірлескен істің берекесі артып, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі аудандық ұйымы көптің көңілінен шығатын игілікті жұмыстарға ұйытқы бола берсін.

**Бағдат БАЙПАҚБАЕВА,**  
«Асыл ана» қоғамдық бірлестігі аудандық ұйымының төрайымы.

● ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

# ӘЖЕЛЕР БАҚ СЫНАСТЫ

Жақында «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі Іле аудандық ұйымының жылдық жоспарына сай Қараой ауылдық округінде «Шуағын шашқан әжелер» атты сайыс өткізілді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өнегелі әжелердің қоғамдағы ролін насихаттауға арналған тәрбиелік мәні зор бұл байқау аталмыш округ «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бағдат Адамқайырованың басшылығымен ұйымдастырылды.



Шараның ойдағыдай өтуіне Болат Мұсанпқызы бастаған бастауыш ардагерлер ұйымы да белсене атсалысты. Сайыстың басты мақсаты – әжелердің өмірлік тәжірибесін, даналығын, өнері мен колонерін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, отбасы құндылықтарын насихаттау болса, осы шарттардың барлығы орындалды.

Бес кезеңнен тұратын сайысқа Алмагүл Бакбергенова, Ләззат Ақымбекова, Айгүл Табылдиева, Жанаргүл Қарашолақова сынды әжелер қатысып, бақ сынасты. «Мен анамын ұрпағын әділдеген» атты тақырыптағы сайыстың бірінші кезеңінде әжелер өздерін ән-жыр арқылы таныстырып, аналық мейірім мен бесік жырын дәріптеді. «Зерделінің ойы озық» тақырыбындағы екінші кезеңде олар ұлттық, танымдық сана-сезімді, тапқырлықты сарапқа салып, салт-дәстүрдің түрлеріне кеңінен тоқталды.

«Көтерейік көңілді ән-жырмен» атты үшінші кезеңде ән айтып, би билеп, ақындық, домбырашылық өнерлерін көрсетіп, шығармашылық өнерлерін паш етті. «Шебердің қолы ортақ» атты төртінші кезеңде тігіншілік, тоқымашылық, құрақ құрау, ұлттық бұйымдар жасау шеберліктерін нақты істерімен дәлелдеді. «Ас адамның арқауы» атты соңғы кезеңде олардың әрқайсысы үйінен әзірлеп әкелген ұлттық тағамдарды ортаға шығарып, тағамдарды дайындау жолын түсіндірді.

Осылайша сайыс барысында әжелер өздерін таныстырып, бойларындағы өнерлерін ортаға салып, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, колонер бұйымдарын көрсетті. Сонымен қатар немере тәрбиесі, отбасы бірлігі, үлкенді құрметтеу сияқты тақырыптарда ой бөлісіп, өмірден алған тағылымдарын ортаға салды.

Айта кету керек, әжелердің барлығы да өнерлі әрі бесаспап. Бірінен-бірі өтіп тұр. Олардың отбасы, ошақ қасында қалып қоймай ауыл өміріне белсене араласатындықтары бізді қуантты. Дей тұрғанмен сайыстың аты-сайыс. Әділқазыларға әділ баға шығару оңай болған жоқ. Әділқазылар алқасының төрайымы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі Іле аудандық ұйымының жетекшісі Бағдат Байпақова сөз сөйлеп, әжелердің қоғамдағы орнына тоқталып, жеңімпаздарды ортаға шақырды. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, 1 орынды Жанаргүл Қарашолақова, екінші орынға бес бала тәрбиелеп өсірген аяулы әже Айгүл Табылдиева, 3 орынды Алмагүл Бакбергенова мен Ләззат Ақымбекова өзара бөлісті. Жеңімпаздардың барлығы арнайы дипломдармен марапатталып, оларға бағалы сыйлықтар тапсырылды. Бұл арада қатысушыларды ынталандыруға үлкен де-меушілік жасаған Қараой ауылдық округінің әкімі Қайрат Ортыбаев пен халықаралық Қонаев қоры бас директорының орынбасары, қамқоршылар қорының мүшесі, «Аманат Али» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, «Аманат» партиясы әйелдер қанатының мүшесі Гүлжан Байқанның еңбегін атап өткен жөн.

Әже-отбасының ғана емес, тұтас ұлттың тәрбие мектебі. Ақ жаулықты аналардың өнегелі өмір жолы, ақыл-парасаты мен мейірімі жастарға үлгі болып табылады. Сондықтан мұндай сайыстар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ұлттық рухани құндылықтардың сақталуына ықпал етеді.

«Шуағын шашқан әжелер» сайысы – даналық пен мейірімнің, өнер мен тәрбиенің мерекесі. Ақ жаулықты аналардың ақылы мен батасы қашан да ел бірлігі мен отбасы берекесінің негізі болып қала береді.

**Роза АЙДАРБЕКОВА.**  
Іле ауданы.

● ДЕНСАУЛЫҚ-БАСТЫ БАЙЛЫҚ

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ ЖАҚСАРУДА

Өткен жыл өңірдің денсаулық сақтау жүйесі үшін жауапты әрі маңызды кезең болды. Халық санының өсуі, медициналық қызметке сұраныстың артуы, аурулардың құрылымындағы өзгерістер сала алдына жаңа талаптар қойды. Іле ауданының медициналық ұйымдары 2025 жылы мемлекет басшысының тапсырмалары мен Үкіметтің басым бағыттарына сәйкес, өңірдегі алғашқы медициналық-санитариялық көмекті нығайту, ауылдық денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту, кадрлық әлеуетті арттыру және медициналық қызметтердің сапасын жақсарту бағытында жоспарлы жұмыстарды атқарып, нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Бүгінгі таңда аудандағы халықтың жалпы саны 309 мың 603 адамды құрайды. Оның ішінде балалар мен жасөспірімдер саны – 111 мыңнан асады, бір жасқа дейінгі балалар – 4 800-ден астам. Бұл-ауданымызда халық санының, әсіресе жас буынның тұрақты өсіп келе жатқанын айқын белгісі.

Ауданның медициналық ұйымдар желісінде Іле аудандық орталық ауруханасы, 17 алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы (АМСК), 4 дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, Жаугашты ауылының №10 мекемесі жанындағы 1 медициналық пункт бар. Сонымен қатар аудан аумағында Боралдай ауылдық ауруханасы және «Daulet Medical Center» ЖШС, Н. Досжанов атындағы «Отбасылық медицина орталығы» ЖШС, «RGK Med» ЖШС; «Nova Invest» ЖШС, Байкент ауылының отбасылық денсаулық орталығы қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда аталған медициналық ұйымдар желісінде 600-ден астам дәрігер, 1 400-ден астам орта медицина қызметкері еңбек етуде. Олардың жартысына жуығы біліктілік санатына ие. 2025 жылы 100-ден аса дәрігер мен 180-нен астам орта буын маманы біліктілігін арттырды.

Төсек қорына келсек, аудан бойынша стационарларда 546 төсек жұмыс істейді. Орталық аурухананың тәулік бойы жұмыс істейтін стационарында 315 төсек-орын халыққа қызмет көрсетеді. Халық санының өсуіне байланысты төсекпен қамтамасыз ету көрсеткіші сәл төмендегенмен, бұл бағытта қажетті шаралар қабылданып жатыр. 2025 жылдың маусым айынан бастап терапиялық және педиатриялық бейіндегі қосымша 5 төсек ашылды.

Стационарда госпитальді фармакология бөлімі ашылып, іске қосылды.

Аурухана дәріханасы тиісті дәріханалық практика-халықаралық GPP стандартының сертификатын алды.

Жылдан жылға Іле аудандық



орталық ауруханасында қаржыландыру да артып келеді. Атап айтсақ, 2025 жылы Іле аудандық орталық ауруханасының бюджеті 11,3 миллиард теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда (8,5 млрд тг) едәуір өсім бар екенін көрсетеді. Бұл қаражат медициналық қызмет сапасын арттыруға және ауылдық нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталып, толығымен қамтылды.

Демографиялық көрсеткіштер бойынша да оң өзгерістер орын алды. 2025 жылы ана өлімі тіркелген жоқ. Сәбилер өлімі өткен жылдармен салыстырғанда 17,7 пайызға төмендеді. Қашықтан көрсетілген медициналық қызметтердің үлесі 11 пайыздан асты.

Аурушандық құрылымына келсек, қан айналым жүйесі аурулары бойынша профилактикалық тексерулер күшейтіліп, анықталған науқастардың басым бөлігі диспансерлік бақылауға алынды. Әлеуметтік маңызы бар туберкулез ауруы бойынша ересектер арасында аурушандық пен өлім көрсеткіштері төмендеді. Онкологиялық аурулар ерте сапты анықталып, өлім көрсеткіші азайып келеді. Скринингтік тексерулер жүйелі түрде жүргізілуде.

Әйелдер арасында жатыр мойны және сүт безі обырына, сондай-ақ ішек обырына скринингпен қамту деңгейі жоғары-

лады. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерді профилактикалық тексерумен қамту деңгейі де жылдан-жылға артып келеді.

Кадр саясаты бойынша жас мамандарды тарту, бос жұмыс орындарын жариялау, ішкі аудит пен пациенттерді қолдау қызметінің жұмысы күшейтілді.

Сондай-ақ, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында жаңадан 5 нысан салынды, оның 2-уі Алатау қаласына тиесілі, 3-уі Іле ауданына қарасты. Аудан көлеміндегі Көктерек ауылында фельдшерлік акушерлік пункт және Береке мен Кокқайнар ауылдарында дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Ауданның 4 мектебінде (№53 ОМ, №19 ОМ, №12 ОМ, №28 ОМ) орналасқан медициналық кабинеттерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл жасалып жатқан игі істер ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз.

Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны толықтыру аясында да біршама қомақты жұмыстар атқарылды. Облыс әкімі М.Е.Сұлтанғазиевтің қолдауымен аудандық ауруханаға 3 дана «JAC» маркалы санитарлық автокөлігі берілді. Аудандық орталық ауруханаға 246 миллионнан астам қаржыға медициналық аппараттар алынды.

Атап айтсақ, 2 электроэнцефалограф, «Pentra C400» биохимиялық анализаторы, «Yumizen H500» гематологиялық анализатор, гликирленген гемоглобин анализаторы, калибрлеу тақтасы, «Voluson S8» кардиодатчигі, «4D конвекс» датчигі, «AND-100P» аспираторы, 10 дана хирургиялық шам, 20 дана дәрі-дәрмек шкафы, 10 мүгедектер арбасы алынды.

Сонымен қатар демеушілік көмек есебінен лабораторияға автоматтандырылған зэр анализаторы және «BC-6800 Plus» гематологиялық анализаторы алынып, іске қосылды. 30 млн.теңге қаржыға құрал-жабдықтар, 100

дана толық топтамалы компьютер техникасы алынды.

Материалдық-техникалық базаны нығайту барысында орталық аурухананың перзентхана бөлімшесінің медициналық жабдықтармен қамтылу деңгейі 2025 жылы 98,23 %-ға дейін өсті. Стационарлық көмекті дамыту барысында да көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Соңғы бір жыл ішінде ауруханада аз инвазивті операциялар кенінен енгізілуде, соның ішінде лапароскопиялық холецистэктомиа, нейрохирургиялық операциялар, гемодиализ аппараты іске қосылды. Зертхана қызметтері кеңейтілді.

Аудандық орталық аурухана мен ауылдық денсаулық сақтау нысандарында аудан тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын және қолжетімділігін жақсартуда. Перзентхана бөлімшесінің медициналық жабдықтармен қамтылу деңгейі 2011 жылғы 58,9 %-дан 2025 жылы 98,23 %-ға дейін өсті.

Аудан халқы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында 2025 жылы 1 млрд. 826 миллион 318 мың теңгеге дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етілді.

Іле ауданы әкімі Қайыржан Жақсымбетовтің бастамасымен жеке инвесторларды тарту нәтижесінде «L-group» ЖШС тарапынан аудандық аурухананың жансақтау бөліміне «VG70» үлгісіндегі 4 өкпені жасанды желдету (ИВЛ) аппараты сыйға берілді.

Құрал-жабдықтардың жалпы құны-68 223 162 теңге. Медицина саласына көрсетілген мұндай қолдау халық денсаулығын сақтау ісінде науқастарға дер кезінде сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Іле аудандық орталық ауруханасы ұжымы демеушілерге көрсеткен қолдауы мен ел игілігі жолындағы жанашырлығы үшін шынайы алғысын білдіреді.

Қорытындылай айтсақ, 2025 жылдан бері Іле ауданының денсаулық сақтау саласында тұрақты түрде көптеген игі істер жасалып, жалғасын табуда.

Аудандық медицина саласында, аудан тұрғындарына қолжетімді, сапалы және уақытылы медициналық көмек көрсету, денсаулық сақтау инфрақұрылымын нығайту және медициналық көрсеткіштер бойынша оң динамиканы қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

**А.СОЛТАНҒАЗИЕВ,**  
Іле аудандық орталық ауруханасында бас дәрігері.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА



**Мәлс ЖӘМІЛОВ**

Іле ауданының Құрметті азаматы Мәлс Ділдебайұлы Жәмілов-партия, кеңес қызметінде лауазымды міндеттерді абыроймен атқарып, артына өнегелі із қалдырған ардақты азамат. Ол 2003 жылдан бастап зейнеткер. Қай жерде еңбек етсе де қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Әсіресе институтта, техникумда көптеген саяси науқандарға қатысып, жоғары жауапкершіліктің үлгісін көрсете білді. Сонымен қатар бірнеше мәрте ауылдық, аудандық, облыстық кеңестің депутаты болып сайланды. 1994 жылы Іле аудандық мәслихат депутаты, тұрақты комиссияның төрағасы, Сайлау барысында учаскелік комиссияның төрағасы қызметін атқарды.

Қазіргі уақытта ҚазЦИК ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы. Еңбек жолын бастағалы бері көптеген құрмет грамоталармен, аудан, ауылдық әкімдерінің, «AMANAT» партиясының алғыс хаттарымен, «Еңбек ері», «Отан патриоты», «Батыр шапағаты», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Ардагерлердің Республикалық қоғамдық бірлестігінің» «Құрмет Белгісі», «Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл» медальдарымен марапатталды.



**Болат МҰХАМЕДЖАНОВА**

Болат Мұсанпқызы Мұхамеджанова-Қараой округі бойынша бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы. Бар ғұмырын педагогика саласына арнаған Болат Мұсанпқызы зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Кең дала» ардагерлер ансамблінің мүшесі және аудандағы қоғамдық кеңестің алғашқы мүшелерінің қатарында болды. 2015 жылдан бері Қараой округі ардагерлер ұйымының төрайымы қызметін атқарып келеді. Қоғамдық жұмыстардағы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Округ, аудан әкімшілігі және облыстық ардагерлер ұйымы тарапынан Алғыс хаттармен марапатталған, сондай-ақ «Ана жүрегі» төсбелгісінің иегері.



**Анипулла ЕСЕМБЕКОВ**

Анипулла Мәсімбекұлы Есембеков-ауданның мәдениет саласына елеулі үлес қосқан азамат. Ол бүгінде Ақши ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы.

Облыстық мәдениет бөлімінің, аудан әкімдігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. «Қазақ мәдениетінің қайраткері», Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Еңбек үздігі», «Құрмет белгісі» төс белгілерінің иегері.



**Зухра СҰЛТАНОВА**

Зухра Садыққызы Сұлтанова 2026 жылы Өтеген батыр ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы болып сайланды. Аз уақыт ішінде ардагерлердің жұмысын ұйымдастыруда белсенділік танытып, бірқатар шараларды жүзеге асыруға ықпал етті.

Ұлағатты ұстаз Зухра Садыққызы аудандық, облыстық, республикалық семинарларда өз тәжірибесін таратуда мақтау қағаздарымен марапатталды. 2024 жылдан бастап Әлібек Нұрғожа атындағы ардагерлер халық ансамблінің белсенді мүшесі. «Жаңашыл ұстаз» төс белгісінің иегері.

ОТЧЁТНЫЙ КОНЦЕРТ

ВОЗРАСТ – ВСЕГО ЛИШЬ ЦИФРА!

Так можно охарактеризовать недавнее мероприятие ЦАД в Отеген батыре.

На днях в районном центре Отеген батыр состоялось отчетное мероприятие Илийского филиала Центра активного долголетия «Бір жыл – Бір белес» («Один год - один рубеж»).



Оно прошло в новом, современном Доме культуры, куда съехались руководители всех филиалов Центра активного долголетия области, руководство областного Центра и Управления координации занятости, социальных программ, представители районного акимата и жители района.

По традиции в фойе были организованы выставка народного творчества, экспозиция картин, панно, а также шахматные турниры пенсионеров и выступление хора ажешек.

Выступая перед собравшимися, консультант (руководитель) Илийского филиала Зауре Аккасова в частности, сказала: «Официальное открытие нашего Центра, расположенного при районном совете ветеранов состоялось 28 февраля прошлого года.

В первые месяцы было зарегистрировано 86 человек, а в настоящее время услугами центра пользуются уже 257 человек. Самому старшему участнику - 86 лет. Наибольшую группу составляют граждане в возрасте 66 лет. Центр оказывает 12 видов услуг: лечебная физкультура, йога, цигун, скандинавская ходьба, музыка, танцы, шахматы, трудотерапия, компьютерная грамотность и другие.

Наша основная цель - улучшение качества жизни старшего поколения, укрепление общественных связей и организация полезного досуга. Филиалом проводилась совместная работа с Советом ветеранов, Советом матерей, Советом аскалов, учреждениями культуры и волонтерами.

летия Жания Сакташева, председатель Совета матерей при Ассамблее народа Казахстана, кавалер Ордена «Құрмет», координатор Центра активного долголетия Гульнар Жошибаева, руководитель отдела координации специальных, социальных услуг Алмагинской области Айжан Есжанова, председатель Совета ветеранов Илийского района Амзе Исаев и другие.

Ряду сотрудников Илийского филиала Центра активного долголетия были вручены благодарственные письма.

Мероприятие началось необычно - с первого кейса под названием «Өмірге жаңа серпін» (Новый импульс к жизни!) представленного в формате Case Study (кейс стади). Такой формат позволил провести праздник не как обычный концерт, а как презентацию, демонстрирующую достижения Центра за первый год работы, конкретные результаты (кейсы) и положительные изменения в жизни пенсионеров.

Свои отчетные номера зрителям представили группы танцев, йога, вокала, физкультуры, укрепления памяти, скандинавской ходьбы под руководством инструкторов Абен Мөлдір, Ботагөз Ильясовой, Болатхана Омарова, Гульнар Жунисбековой, Гульмирой Ақжолтаевой, Салтанат Дунбаевой, Айдара Туганбаева, Гульмиры Бакировой и Жандоса Далбанбай. Между концертными номерами на экране демонстрировались кейс №2 «Возвращение в искусство», кейс №3 «Лучше поздно, чем никогда» и кейс №4 «Здоровье и бодрость».

С видеозаписи 76-летней Канымхан Сейдахметова рассказала, как в Центре научилась компьютерной грамотности. Особый интерес у зрителей вызвало исполнение рэпа бабушками и дедушками на стихи Зауре Аккасовой «Мой центр активного долголетия», придав особый смысл мероприятию, сорвав заслуженную порцию аплодисментов зала.

84-летний Канапия ага Мусабеков, один из лучших игроков шахматного клуба, раскрыл новую грань своего таланта - отлично исполнив казахский танец «Қара жорға». Словом, не слухавлю, если скажу, что выступление илийцев многим понравилось. Они лишний раз доказали, что возраст - это всего лишь цифра!

Рамазан ЕЛЕШЕВ.  
с.Отеген батыр.



Благодаря этому сотрудничеству были реализованы многие проекты, повысилось качество оказываемых услуг.

На областных соревнованиях среди 9 районов и 2 городов были достигнуты следующие результаты: инструктор по развитию памяти Гульнар Палтабай кызы Саидосова заняла 2-е место; по тогызкумалаку - 3-е место; психолог Гульнар Талгатбаевна Бергенжанова заняла 3-е место; инструктор по развитию памяти Салтанат Мухтархановна Дунбаева заняла 2-е место; на творческом конкурсе ансамбль «Ән мен би» занял 2-е место.

По итогам года наш филиал занял 1-е место в конкурсе «Лучший филиал». Эти достижения стали результатом профессионализма сотрудников Центра и активного участия наших посетителей.

На мероприятие присутствовали, а некоторые из гостей выступили с приветственным словом: руководитель Департамента координации занятости и социальных программ Асыл Вайсов, заместитель акима Илийского района Аскар Сыдыков, директор КГУ Центр активного долго-

АРМАНДАСТАР, ҚҰРДАСТАР

Жастар ұйымы-жас буынның жан-жақты дамуына, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына және азаматтық ұстанымының қалыптасуына ықпал ететін қоғамдық құрылым. Оның негізгі мақсаты-жастардың білім алуына, еңбек етуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және бос уақытын тиімді ұйымдастыруына қолдау көрсету.Осы орайда «Ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің» Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі Іле аудандық ұйымы аға ұрпақ өкілдерімен бірлесе отырып, жас буынның белсенділігін артыру, олардың бос уақыттарын тиімді пайдалану жөнінде бірқатар жұмыстарды жүзеге асырды. Айтар болсақ, Ащыбұлақ ауылдық округінде «Алатау Жастары» ұйымының еріктілері қайырымдылық шарасын ұйымдастырып, жалғызбасты қарттардың ауласын тазалауға көмек көрсетілді.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

Алатау жастарының ұйымдастырылуымен Мұқағали Мақатаевтың 94 жылдығына орай Ащыбұлақ жастары арасында ашық біріншілік өтті. Алматы облыстық маслихаты мен әкімдігі бірлесіп «Таза Қазақстан» Республикалық, экологиялық акциясы аясында, Алатау жастарының қатысуымен Іле өзенінің жағасы, Көшпенділер қаласының маңайында сенбілік ұйымдастырылды.

Іле ауданында Алатау жастарының қатысуымен «Ел келешегі-тәрбиелі,білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты дөңгелек үстел, Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімдігімен бірлесе отыра «Чемпиондық рух» жобасы аясында «Ази» спорт кешенінде 100-ден аса жастардың қатысуымен таңғы жаттығу өткізілді. «Жастар тәрбиесі — адамзат баласының ешқашан маңызын жоймайтын мәңгілік тақырыбы» атты іс-шара 78460 әскери бөлімшеде, Ардагерлер кенесі, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің және Алатау жастарының қатысуымен, жастар тәрбиесінің өзекті мәселелері талқыланды. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, Алатау жастарының қатысуымен Іле ауданында 4 гектар аумақтан 3 тонна қоқыс шығарылды.

Алатау жастары Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімдігімен бірлесе отыра, Ащыбұлақ ауылдық округінде салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында марафон өткізілді.Конституциялық референдумды түсіндіруге арналған маңызды іс-шараларға Алатау Жастары белсенді қатысты.

Бүгінде жастар ұйымдарының жұмысы жас ұрпақтың көшбасшылық қабілеттерін шыңдап, олардың ел дамуына қосар үлесін арттыруға бағытталған. Белсенді, білімді әрі отаншыл жастар-мемлекеттің жарқын болашағының кепілі.

МҰХАМЕДСҰЛТАН ТАМАБЕК,  
«Алатау жастары» Алматы облыстық қоғамдық бірлестігі Іле аудандық ұйымының жетекшісі

АУЫЛ СПОРТЫ

ШАХМАТ ДОДАСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Н.Тілендиев атындағы аудандық мәдениет үйінде жылдам шахматтан аудан ардагерлерінің жекелей біріншілігі өтті.

Шахмат додасын аудандық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Исаев Әмзе Әлдибекұлы кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ойын Швейцария жүйесі бойынша өтті. Жарыс ережесіне сәйкес 60 жастан асқан ойыншылар жарысқа жіберілді. Төрешілік қызметті облысқа белгілі ардагер шахматшымыз В.Родионов атқарды

Өте тартысты өткен жарыста 3 орынды Сергей Ким иеленді. Ал жеңіпазды анықтау үшін бірдей ұпай жинаған Рыскелдиев Сүттібай мен Есжанов Нұрмұқанбет арасында қосымша ойын өткізуге тура келді. Нәтижесінде өте ұшқыр ойын өрнегін көрсете білген Нұр-

мұқанбет ауданымыздың 2026 жылғы чемпионы атанды. Сүттібай 2 орынды қанағат тұтты. Жүлдегерлер және белсенді ойыншылар ұйымдастырушылардың тағайындаған мақтау қағаздары, медаль, кубоктары және алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ жарыстың жоғары деңгейде өтуіне белсене ат салысқан округтердегі бастауыш ардагерлер ұйымы



қоғамдық бірлестіктерінің төрайымдары Байбосынова Бижамал Қасымбекқызына, Мұхамеджанова Болатгүл Мұсанапқызына, Оғызбаева Жаңыл Жұмагелдіқызына шынайы ризашылық алғысымызды жеткіземін.

Соңында құрметті көне көз қариямыз Жамилов Меліс Ділдебайұлы көпшілікке жүрек жарды ақ батасын жолдады.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы, жарысты ұйымдастырушы. Отеген батыр кенті. Іле ауданы.



Осы сандағы мақалаларды дайындаған Роза АЙДАРБЕКОВА

АЛАТАУ Ардагері  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы  
Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
ТІЛШІЛЕР:  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.  
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 8500  
Тапсырыс №1260  
Индексі – 65472.